



Инфляциялық үрдістер


Желтоқсан 2020

2020 жылғы желтоқсанда Қазақстандағы жылдық инфляция 7,5%-ды құрады. Бағаның өсуіне азық-түлік тауарларының қымбаттауы негізгі үлес қосты. Азық-түлік бағасының өсуі жекелеген азық-түлік нарықтарындағы ішкі ұсыныстың төмендеуіне, сондай-ақ азық-түліктің әлемдік бағасының өсуінің жалғасуына байланысты жеделдеді.


Азық-түлік тауарлары

2020 жылғы желтоқсанда жылдық азық-түлік инфляциясы 11,3%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік бағасының күрт өсуі өсімдік майының, қанттың, сондай-ақ көкөністер мен жұмыртқаның қымбаттауына байланысты болды. Желтоқсан айында өсімдік майы бағасының айлық өсуі біршама баяулады, алайда әлемдік нарықтардағы бағаның тұрақты өсуі және өткен жылдың төмен базасы аясында инфляцияға бағаның өсу үлесі айтарлықтай өсті. Ұқсас тенденциялар қант нарығында байқалды, ал әлемдік нарықтағы бағаның өсуі мен Ресейде желтоқсанда әлсірей бастады. Астық қорларын толықтыру және ауыл шаруашылығы өндірушілері бағасының неғұрлым ұстамды өсуі жағдайында нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға, ет өнімдеріне бағаның өсу қарқынының соңғы айларда байқалып отырған баяулауы жалғасты. Аталған топтардың құрылымында соңғы 12 айда дефляциялық динамика күріш (-1,7%) және құс етіне (-0,2%) тіркелді.

1-График. Азық-түлік инфляциясы әлемдік бағаның өсуі аясында жеделдеді...



2-график. ... әсіресе өсімдік майы мен қант нарықтарында




Азық-түлік емес тауарлар

Азық-түлік емес инфляция 2020 жылғы желтоқсанда жылдық мәнде 5,5%-ға дейін баяулады. Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар құрылымында халықтың нақты кірістерінің төмендеуі және жұмыс пен оқудың қашықтан форматын сақтау жағдайында әлсіз тұтынушылық сұраныс аясында киім мен аяқ киім бағасының өсу қарқыны баяулады.


Сонымен қатар, қысқа мерзімді пайдаланылатын жекелеген тауарлар (жеке гигиена тауарлары, дәрі-дәрмектер) бағасының өсуі жеделдетуді жалғасты. Сондай-ақ тұрмыстық техниканың (тоңазытқыштар, кір жуғыш машиналар, шаңсорғыштар және т.б.) одан әрі қымбаттауы нәтижесінде үй заттарына бағаның өсуінің аздаған үдеуі байқалды.

3-график. Киім мен аяқ киімнің қымбаттауы айтарлықтай баяулады



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

4-график. Сонымен қатар, кейбір қысқа мерзімді тауарлардың бағасы өсуі жалғасты




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Ақылы қызметтер


Ақылы қызметтер бағасының жылдық өсуі 4,2%-ға дейін жеделдеді. Қоғамдық тамақтану, қонақ үй қызметі, тұрмыстық қызметтердің жекелеген түрлері (химиялық тазалау, киімді жөндеу) және жеке күтім қызметтері саласындағы бағаларды түзету мен жеделдетудің негізгі үлесі қамтамасыз етілді. Осы қызмет түрлерінің қымбаттауы көбінесе сұраныстың біртіндеп қалпына келуі аясында қайталама әсерлерді (азық-түлік өнімдеріне, импорттық шикізатқа және материалдарға бағаның өсуі) іске асырумен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, жылу бағасының төмендеуі нәтижесінде реттелетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсу қарқынының қараша айында 2,4%-дан желтоқсан айында 1,6%-ға дейін баяулауы тежеуші әсер етті.

5-график. Коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуі қараша айындағы жеделдетуден кейін күрт баяулады



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

6-график. Сонымен қатар, реттелмейтін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағаның өсуі байқалады



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ